

RESUME

Article considers topical issues of the speech culture among modern Kazakh youth. The authors describes the features of the speech of modern youth which differ from the generally accepted speech norm, different deviations from the literary norm of the language in oral and written speech are analyzed on specific examples, the reasons for the use of non-standardized vocabulary by young people such as slang, jargon, barbarianism.

ӘОЖ: 323:392

Л.А.Сбитникова, студент

Г.Г.Каржауова, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Аннотация

Мақалада халықтың өзінің бойында атадан балаға ұласып келе жатқан, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, күнделікті тыныс-тіршілікте қоғамның дамуында айқын көрініс беріп келе жатқан, тек сол ұлттың өзіне ғана тән ұлттық құндылықтары болатыны баяндалады.

Түйін сөздер: халық тәрбиесі, рухани жаңғыру, рухани мұра, ұлттық құндылықтар, рухан жаңғыру идеясы, ұлттық код, ұлттық болмыс.

Адамды өмірге, қоғамдық ортаға, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімдейтін – ұлттық қасиетер мен құндылықтар. Атап айтсақ ұлттық сана, тарихи білім, ұлттық тәрбие, имандылық, тектілік және т.б. Бұлар жеке адамды қоғаммен, бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіреді. Бұлардан кол үзген адам рухан жаңғырудың биігіне жете алмайды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу.... Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі плюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» - дейді.

Әрбір халықтың өзінің бойында атадан балаға ұласып келе жатқан, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, күнделікті тыныс-тіршілікте қоғамның дамуында айқын көрініс беріп келе жатқан, тек сол ұлттың өзіне ғана тән ұлттық құндылықтары болады. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын. Қазақ халқының ең үлкен тарихи құндылығы ол Отан сүйгіштігі, қазақтың осы қасиетін ұлттық патриотизмі деуге болады. Ұлттық патриотизм туған жерін, елін сүюден, өз ұлтын шексіз қадірлеуден, құрметтеуден тұрады. Қазақтың бойында қалыптасқан осы дәстүрлер атадан балаға қалып келе жатқан ұлттық ерекшелік, ұлттық дәстүр деп айтуға да болады.

Қазақтың ұлан-ғайыр даласын мекендеп, оны жан-тәнімен қорғап ұрпағына қалдырған ата-бабамыздың асыл қасиеті отансүйгіштік, елін, халқын қадірлеу әрбір

қазақтың бойында болғанын, келешек ұрпақ санасында жаңғырғанын, қазақтың мәңгілік ел болғанын тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш президенті Н.Назарбаев та армандайды, өзінің «Тәуелсіздік дәуірі», «Үшқоңыр» деген шығармаларында ішкі толғанысын сездіреді. «Үшқоңыр» деген кітабында: «Көптеген елдерді араладым. Бірақ бәрі өзім туып-өскен қазағымның жеріне, Алатаудың бір бөктеріне жамбастай жығылған «Үшқоңыр» төбесіне жетпеді. Балалығымның, сағынышымның алтын қазығы осында екен...» деген сөзі бүгін туған жер туралы толғаныстардың, оны сүюдің, ұлттық патриотизмнің нағыз бастаушысы, насихаттаушысы емес пе! Елбасымыздың осы азғантай тұжырымдамасынан біздер жастар үлгі алуымыз керек сияқты.

Қазақты ұлт ретінде талай қиыншылықтардан атап айтқанда, алысқа бармай-ақ кешегі қазан төңкерісінен кейінгі қазақты, біздің ұлан-ғайыр жерімізді, байлығымызды иемдену үшін жойып жібергісі келіп қолдан жасалған 1921, 1932 жылғы ашаршылық, 1938-1939 жылдардағы сталиндік репрессия, Голощекиннің қолымен жасалған Қазақстандағы «Кіші октябрь» төңкерісінен аман сақтап қалған – қазақтың ұлттық рухы, отансүйгіштігі, өлермендігі, қайсарлығы, батырлығы болды.

Қазақ халқы өзінің бойындағы ұлттық рухын, ұлттық патриотизмін 1941-1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғыста да көрсете білді. Біздің батыр әкеміз Сұлтан Баймағамбетов кеудесін от шашып, өлім сеуіп тұрған пулеметтің аузына тосса, батыр ұшқышымыз Нұркен Әбдіров өзінің оқ тиіп жанып келе жатқан ұшағын жау колоннасының үстіне құлатып, өзі мерт болумен бірге қаншама фашистерді жер жастандырды. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова ерлік көрсетіп «Кеңес одағының батыры» атағын алды. Олардың бойындағы отансүйгіштік қасиет те ғасырлар бойы қалыптасқан апаларының ұлттық патриотизмінің заңды жалғасы деуге болады.

Қазақ халқының атадан балаға маңызын жоймай жалғасып келе жатқан қадір-қасиетінің бірі бауырмалдық. Бұл қасиетіміз ерекше басқа ұлттарда кездесе бермейтін қазақтың бойында ғана болатын қазаққа ғана тән ұлы қасиет деуге де болады. Қазақ халқы басынан жаугершілік заманды көп өткізген. Туған елін, жерін қорғау үшін аттан түспеген халық. Сондай алапат соғыстың бірінде жау қолында қалып бара жатқан бауырына жүрегі езіліп, өзінің артында келе жатқан баласын түсіріп тастап: – Атасы бірге атқа мін, атасы бөлек аттан түс, – деп баласын өлімге қиып, бауырын ажалдан алып шығу сол бауырмашылдық қасиетіміздің биік шыңы емес пе?!

Қазақ өзінің бауырмалдық қасиетінің арқасында қыздарын қадірлеген. Кешегі қазақтың басындағы ең ауыр кезең жоңғар шапқыншылығы уақытында да қарындасын мәпелеген, ардақтаған халық.

Сол кезде туындаған «Елім-ай» өлеңіндегі мына бір жолдар қарындастарымызға деген ыстық ықыласымыздың куәсіндей:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айырылған жаман екен,
Мөлтілдеген қара көзден жас келеді.

Қазақ қыздары өздерінің абыройын түсірмей, небір қиын-қыстау кезде де арнамысын сатпай, жоғарғы парасат биігінен көріне білген. Тіпті ашаршылық кезде де арын сатпай, арын сатқаннан, жау қолына тұтқын болғаннан өлімді артық көрген. Ашаршылық кезінде өлім алдында жатса да:

Алтын, күміс тас екен,
Арпа бидай ас екен.
Ия, Алла, алдым пейіш,
Артым кеніш болса екен, – деп көз жұмған, өлім алдында жатса да ұрпағына, халқына бақытты өмір тілеген.

Қазақтың бауырмалдық қасиетінің бір көрінісі өзгені өзекеге теппейтін, көпшіл, қонақжайлық қасиеті. Осы құндылығымыз кешегі екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр кезеңінде қазақ жеріне жер аударылған кәріс, шешен, неміс, т.б. ұлттарды жатырқамай қабылдап, қолымыздағы нанымызды өзімізге жетпей жатса да солармен бөлісіп жеп, аман-есен жеңіс күнін бірге тойлағанымыз ол халықтардың есінен әлі күнге дейін шықпайды. Біздің осы қасиетімізді олар әлі күнге дейін ұмытпайды. Келешек ұрпаққа өсиет, аманат қылады. Осы қонақжайлылығымыздың арқасында қазір тәуелсіз қазақ елі 130-дан астам ұлт пен ұлысты біріктіріп, тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз.

Қазақтың бойындағы құнын жоймай келе жатқан өміршең қасиеттерінің бірі – қонақжайлылық қасиеті. Қазақ халқы үйіндегі ең тәуір асын қонаққа тартады, өздері жемесе де қонақтың жеп, қонақтың риза болып кеткенін қалайды.

Халқымызда «Көшпес бұрын көршінді сайла» деген мақал бар. Себебі, бабаларымыз көршісімен тату-тәтті болуды шарият бойынша құптарлық дүние екенін әуелден білген. Өйткені, көрші туыстан да жақын. Тіршілік болғасын өлім бар, қаза да болады. Сондай кезде бірінші болып босағана бас сұғатын басқа емес осы көршілер. Бірақ соңғы уақытта үйлерінің айналасын үлкен камалмен қоршап, көршісінің кім екенін білмейтіндей жағдай да ұшырасады.

Қазақ халқы әдет-ғұрып, салт-санаға бай халық. Мысалы, үлкенді сыйлау, оның сөзін тыңдау, оның алдынан кесіп өтпеу, үлкендер тұрған жерде дарақыланып қатты күлмеу, қоғамдық көлікте болсын, үйде болсын үлкендер кіріп келгенде тұрып орын беру ұлттық дәстүріміздің бір парасы. Біздің атадан балаға жалғасып келе жатқан осы құндылықтарымызға да көлеңке түсе бастаған сияқты. Үлкен ақыл айтса, тіпті өзіміздің ата-анамыздың ақылын жүре тыңдайтын дәрежеге жеттік.

Біздің ұлтымызға тән тағы бір дәстүрдің бірі келіннің үлкенге сәлем салуы. Осындай кереметтей салтымызға кемеңгер Қонаевтай ешкім баға бермеген болар. Д.Қонаев бірде іс-сапармен Жамбыл облысының Мойынқұм ауданына келіпті. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Назарбеков: – Димеке, сізге арнап өзен жағасына арнайы үй тіккізіп қойдық. Болса да үйде келіннің шәйі дайын ғой деген кезде Қонаев: – Өзеннің жағасын көріп жүрміз ғой. Үйдегі келіннің қолынан шәй ішейік, – депті. Бірінші хатшының әйелінің бетіне сыздауық шығып жүр екен. Үлкен кісіден ұялып, келген кезде екі бетін екі қолымен басып, иіліп сәлем бергені Қонаевқа қатты ұнап: – Ойпырмай, қазақтың келінінің сәлемінен артық инабаттылық жоқ қой, – деп зиялы қауым арасында айтып жүріпті.

Әрине, ұлттық құндылықтарымыздың ескіргенін жаңалау, өткенімізді өшірмей барымызды бағамдау бір күнде орнына қоя салатын оңай шаруа емес. Ол елімізде бастау алған рухани жаңғырудың бастауы, шығар шыңы, алынатын қамалы. Рухани жаңғырудың негізгі мақсаты ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту, ал ұлттық құндылықтарымыздың жаңғыруы – салт-санамыздың, ақыл-ойымыздың, өміріміздің жаңғыруы екенін еске алсақ ұлттық құндылықтар рухани жаңғыруымыздың кепілі екендігі даусыз.

Ұлттық код – ұлттық болмыстың рухани көзі, тарихи негізі. Ұлттық код болмаса тарихи ақпараттар, мәдени құндылықтар ұрпақ санасында бірікпейді. Ұлттың игілігіне негізделген барлық тарихи және заманауи ақпараттар ұлттық код арқылы ұлттың зердесінде жинақталып, таратылып, өңделіп жүзеге асып отырады. Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері т.б, өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі ұлттық құндылықтарға жатады.

Қазақтың ата – бабалары мирас еткен жері де бай, салт – дәстүрі, төл тарихы да бай. Ал тілінің қазына байлығында шек жоқ. Біздің ең басты құндылығымыз – тіл. Біле

білген адамға ол қалың орман сияқты қаулап тұр. Тамыры тереңге тараған, жапырағы жайқалған, қайыспас қасиетті емен тәрізді. Таңғажайып сөз қазынамыз талай шешенді сайратып, тілінен бал тамызған, билерге кесікті билік айтқызған. Туған тілім – ана тілім. «Ана тілі» неге бұлай аталады екен? Неге ата, аже, әке тілі емес? Неге десеңіз? Бесіктегі баланы алғаш сөйлеуге үйрететін, тілін шығаруға құлшындыратын да ананың әлдіі болса керек. Туған тіліміздің ана тілі деп аталуының түп-төркіні осында жатыр. Сондықтан ананды қандай сүйсең, ана тілін де сондай сүю перзенттік парыз. Тіл ақыл-ойдың, білім мен біліктіліктің, жалпы дүние танымның, ішкі мәдениеттің елшісі. Ол «елшінің» мықты болуы адмның өзіне байланысты. Әрине, қазіргі озық заманда өзге тілдерді білу артықтық етпейді, көкжиегің кеңі түседі. Бірақ өзге тілді біл деген, өз ана тіліңді ұмытып кет деген сөз емес. Қазақтың әйгілі акын, ғалым, жазушылары өзге тілді білгендерімен, ең бастысы ана тіліне қызмет еткен. Мысалы, Шоқан Уәлихановтың әскери шені болса да, ол халық жадында сол шенімен емес, елін, туған тілін, туған әдебиетін сүйген ғалым ретінде қалды. Абай атамыз айтқандай: «Баламды медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім». Келешекте шен де, лауазым да, атақ та туған тілге қызмет етуі керек.

Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Халқымызда «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ғылым біл» деген даналық сөз де бар. Бірақ шұбарлық пен әуесқойлыққа қарсы Қадыр Мырза-Әли ағамыздың бір ауыз сөзін уәж етпекпін: Ана тілің – арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте! Біз елімізде үш тұғырлы тілдің болғанына түсіністікпен қараймыз.

Қазақ еліне, оның салты мен дәстүріне, мәдениетіне біраз ғалымдар қызығып, зерттеген болатын. Бұған XVIII ғасырда атақты ғалымдар В.Жуковский, В.Даль сияқтылар немесе М.Потанин халқымыздың әдет – ғұрпы мен салт-дәстүрін тандана қызығып жүріп жинап жариялаған еңбектері дәлел бола алады. Немесе А.С.Пушкиннің «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырын жазып алып аудартуы біздің салт-дәстүрімізге, мәдениетімізге деген құштарлықты байкатады. Кез-келген елдің мәдениеті оның тілінен көрініс табады.

Ана тілді ұлттық мәдениет пен ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан бөлек алып қарау, ол үлкен кателікке ұшыратады. Қазақтың батыры Бауыржан Момышұлынан неден қорқатыны туралы сұрағанда, ол бесік жырын айтпайтын келіндерден, ертегі айта білмейтін әжелерден қорқатынын айтқан екен. Ұлтымызды біртұтас етіп ұйымдастыратын ұйытқы күштің бірі де, бірегейі ұлт тәрбиесіндегі ана екендігі айдан анық. Бесіктен берілетін тәрбиеден айрықша көңіл бөлген ата бабаларымыздың асыл мұраларындағы ақылы асқан Құртқа қыздың, Қыз Жібек, Қарашаш, Айман, Домалақ ананың т.б. бейнелері, халқымыздың тәрбие, үлгі-өнегенің мәні туралы өлмес, өшпес мақал-мәтелдер соның айғағы.

Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов «Кімде – кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» - деген болатын. Қазіргі заманда біз, жастар, ел үшін еңбек студия маңызын түсіне отырып, ел, жер, тілді қорғау деген патриоттық сезімімізді сөндірмеуіміз керек. Сонда ғана рухы асқақ, іргесі берік ел болатынымыз анық.

Бүгінгі студент жастар, біздер, нарықтық реформа және өзгерген қоғамдық қатынастар жағдайында өскен ұрпақпыз. Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады.

Өз ұлтын қадірлеп-кастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігімен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» -десе, Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі -өзім, екіншісі-халқым» - дейді.

Ақын Мағжан Жұмабаев «Баланы тәрбиеші дәл өзіндей қылып емес, келешек заманына лайық қылып шығаруы қажет,» - деген ойлары арқылы тәрбиені келер күн талабымен ұштастырады. Қазақ халқының тәрбие дәстүрі қай халықтың тәрбиесінен кем түсіп көрген емес. Олай болса бүгінгі ұрпақ, біздер, халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрлері негізінде тәрбие алып, бойымызға ата-бабаларымыздың озық дәстүрлерін сіңіруіміз керек.

Тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын - сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрінің де, қызметін шама шарқынша сөз өнері атқара алады» деген.

Елбасы Н.Назарбаевтың: «Мағжанның жүрек тебіренерлік мөп-мөлдір асыл лирикасы, Мұхтардың көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таңқалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың түпсіз терең философиялық толғаулары, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Осынша мол рухани қазына әрбір адамның ішкі жан дүниесін байытып, сана-сезімін шарықтата көтеретініне күмән келтіре алмаймыз» деуінің өзі үлкен ұлылық. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

«Ақыл - тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен» деген халық мақалы қанша дәуірлер мен замандардан өтсе де, өз мәнділігін, өзектілігін жойған емес. Бұл заңды да, себебі «білімдінің қай кезде де мыңды жығатыны» - тарихпен дәлелденген ақиқат. ХХІ ғасыр білектінің емес, білімдінің ғасыры. Білім қай кезеңде де барша мемлекеттердің стратегиялық маңызы бар құндылығы болған. Бұл қағидат ешқашан өзгермек емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы. Астана 2007ж.
3. Салқынбаев. М. «Ел тәуелсіздігінің нышаны – мемлекеттік тіл».- Ақиқат. 2011жыл, №4.-6 б
4. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы, 2001ж
5. Мерзімді баспасөз материалдарына шолу
6. Н.Габдуллин., Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Рауан баспасы. 2015.
7. ҚСЭ. Алматы: Ғылым баспасы, 2014
8. Қазақтар энциклопедиясы. (әдебиет бөлімі). Алматы, 2015

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о том, что у каждого народа есть передающиеся из поколения к поколению неутрачившие значимости по сегодняшний день и нашедшие отражение в жизни нашего общества, присущие только ему национальные ценности.

RESUME

The article says that each nation has a long-standing non-trivial significance which has been passed down from generation to generation and has been reflected in the life of our society and its national values.

УДК: 82.09:821.512.122

А.С. Кыдыршаев, доктор педагогических наук, профессор

А.А. Кемешова, студент

Западно-Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова, г.Уральск

РЕЧЕВОЙ ПОРТРЕТ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н.А.НАЗАРБАЕВА

Аннотация

В статье рассматриваются лучшие аспекты дипломатической речи Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. Обращается внимание на особенности языкового речевого этикета, стиля речи и голосового тона Главы государства. В результате, были сделаны первые шаги в исследовании речевого портрета Лидера Нации страны.

Ключевые слова: Президент, публичная речь, культура речи, риторика, билингвизм

В настоящее время в современном мире в целом и, в частности, в Казахстане в связи с бурным развитием средств массовой информации и коммуникации, значение риторики резко выросло. Сегодня риторике отводится особое место в сфере образования и общественной жизни – прежде всего как инструменту управления обществом. Помимо этого, риторика – это эффективное средство формирования мировоззрения человека при помощи слова. Не случайно ещё Аристотель сказал: «Слово - самое сильное оружие человека» [1, 94].

Риторизация политической культуры как значимый элемент консолидации общества, а также вокруг политического лидера в современном информационном обществе неизбежна и необходима [2]. Публичная политическая речь Президента Казахстана Нурсултана Абишевича Назарбаева была исследована в целях изучения речевой практики политического деятеля, свидетельствующего не только о коммуникационных компетенциях одного из мировых лидеров, но и о его политическом потенциале как главы своего государства. Для анализа были взяты ежегодные новогодние выступления лидера Казахстана за последние 10 лет – с 2008 по 2018 годы.

Безусловно, личность Президента страны, в том числе и его публичные выступления, имеют огромное значение в жизни современного казахстанского общества. С его речами выступления казахстанский народ и мировое сообщество знакомятся в средствах массовой информации и интернет-ресурсах. При этом его практически невозможно сравнивать с руководителями других стран. По мнению политологов, имидж во многом обуславливается особенностями речевого портрета самой личности. Иными словами, показателем своей культуры и культуры страны, средством для достижения целей является речь Президента, и это особенно значимо не только для отдельного человека, но и для всего государства в целом. Считаем весьма актуальным изучение речевого портрета Лидера нашей страны: особенности его речи,